

ТУУЫ

БЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ
МАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Сенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйып.

Мал шаруашылығын шындап өркендету малдың санын көбейтуді оның сапасын жаппай жақсартып, өнімділігін арттырумен дұрыс ұш- тастыра білгенде ғана мүмкін болады.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

статуда-
мсалсын

уданын алайық.
тапшы. Соған
өптеген колхозда-
ні бүгінге дейін
өткен жылғы
ана 6 мың цент-
артық жұмсал-

путь», «Жаңа
епость» сыяқты
ықтандыру жү-
н жоқ. Жемінен
малға әзірленіп
е және дұрыс
ның сақдарына
бастаған. Бұл қол
да бірнеше кол-
шарлығынан мал

імін нашарлатуға,
малдың шығынға,
мұнан әрі тезуге
ККП Конюхов ау-
ретары Макаров
комінің председа-
тар мал шаруашы

Бірде-бір бас малдың шығынға ұшырауына жол берілмесін

Конюхов ауданында мал нашар қыстатылуда

Конюхов ауданында өткен жылы жемінен қыс аяғына жетпей таусылып, мал қыстан жүдеп шыққан еді, мал шығынына да жол берілген еді. Бұл мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспарының орындалмауына әкеліп соқты. Осы сыяқты, мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жөнінде де аудан жолқоздары мемлекетпен толық есеп айырыса алмады.

Аудан басшылары осы кемшіліктерден тиісті қортынды шығарып отыр ма? Жоқ. Аудан мал қыстатуға бйыл да әзірліксіз кірісті. Жемінен берік қоры жасалмады, бұл жөнінде тағайындалған жоспар толық орындалмады. Қоғамдық мал жығы қоралармен де жеткілікті қамтамасыз етілген жоқ.

Рас, аудандық партия комитеті мен аудандық Советі атқомі бйыл колхоздарда мал қыстатуды үлгілі өткізу туралы бірнеше қаулылар қабылдап, шаралар белгіледі. Бірақ, не пайда, аудан басшылары қабылданған қаулы-қарарлардың орындалуына бақылау жасап, тексеріп отыр-

ға норма бйынша өлшеп беру бірде-бір фермада ұйымдастырылмаған. Колхозшылар малға жемінен ешбір өлшеусіз өзде-рінің қалауынша беріп жүр. Кәзірдің өзінде «Новый путь» колхозында 2150 центнер, Мичурин атындағы колхозда 1130 центнер жемінен қажеттен артық пайдаланылған.

Көптеген колхоздарда мал азығы қыс аяғына дейін толық жетпейді. Мысалы, «Жаңа тұрмыс» колхозының (председателі Салахутдинов жолдас) 25 февральға дейін ғана жетерлік шөбі бар. «Советтердің X съезі» колхозында (председателі Смағұлов жолдас) қолда бар жемінен 7 мартқа дейін ғана жетеді. Осыған қарамастан бұл колхоздарда жемінен тиімді пайдалану үшін жеткілікті күрес жүргізілмейді.

Аталған колхоздарда малдың күтімі өте төмен. Күтімнің нашарлығынан мал жазғы күйінен айырылуда. «Жаңа тұрмыс» колхозында 300 қойдың және 150-ге жуық ірі қара малдың қоны мүлде төмендеген. Ал, күйі төмендей бастаған малды жазғы күтімге алып, онатты ісі ұйымдас-

рауда. Фермаларда еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылмаған.

Малды қыстан шығынсыз алып шығуда жемінен малға әзірлеп берудің шешуші маңызы бар. Аудан колхоздарында жұмыстың бұл участогі өлі қолға да алынған жоқ. Колхоздарда мал азығын тұрайтын, ұнтайтын, буландыратын машиналар жұмысқа қосылмай келеді. Аудан басшылары жемінен малға әзірлеп беруді, сойтіп, жай жеміненнің құнарлығын арттыруды колхоз басқармаларынан талап етпей келеді. Колхоздардың қай-қайсысында болсын жемінен малға әзірлеп беруге толық мүмкіншілік бар. Алайда, мүмкіншіліктер іске осы уақытқа дейін қосылмай отыр. Мәселен, жоғарыда аталған «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында (председателі Ишутин жолдас) жемінен буландырығыш бар. Бірақ, ол күні бүгінге дейін мал азығын үнемдеуге пайдаланылмаған.

Бұл колхоз аудан орталығынан үш километр қашықтықта тұрады. Солай бола- тұрса да, аудан басшылары малдың қыс-

Шопандардың үлгілі ісі

Партияның XIX съезінің мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі қарарларын мінсіз жүзеге асыру үшін «Талдықер» колхозының (Пришеңім ауданы) колхозшылары жанаймай еңбек етуде.

Алдыңғы қатарлы колхозшылар малды қолда бағуда стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Қоғамдық малды қыстан шығынсыз және күйлі алып шығу жолындағы күресте колхоз шопандары алда келеді.

О. Жармағамбетов қой фермасында бірнеше жылдан бері жұмыс істейді. Бұл мерзім ішінде ол колхоздың қоғамдық малына жүздеген қой өсіріп қосты. Демек, ол колхоздың қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетуге өз үлесін қосып келе жатқан колхозшылардың бірі. Шопан өткен жылы қой өсіруде айтарлықтай табыстарға жетті. Ол қарамағындағы қойды қысы, жазы бірдей жақсы күтімде ұстап, шығынсыз өсірді. Бұл жылы озат мал өсіруші төл алу науқанын табысты өткізді. Мұнымен бірге, алынған қозылардың бар-

Бірақ, бұдан мал қыстату барлық жерде ойдағыдай ұйымдастырылып отыр деген ұғым тұмайды. Облысты тұтас алғанда мал қыстатудың жайы мейлінше қанағаттанғысыз, бұл аса маңызды істе іс ойсыраған олқылыққа ұшырап отыр. Бірсыпыра колхоздар мен совхоздарда қоғамдық малдың күтімі мүлде төмен. Малдың қорасы жайсыз, оның азығы да тапшы. Оның үстіне, фермаларда еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылмаған. Мал мезгілінде жайланып, азықтандырылмайды. Көп жерлерде қолда бар жемішпен қорын тиімді пайдалану, оны малға әзірлеп және норма бойынша өлшеп беру ісі ұйымдастырылмаған. Сондықтан жемішпен малға қалай болса солай беріліп, ысрап болуда. Ал, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық срыңдары, сол сыяқты, колхоз, совхоз басшылары жемішпеннің ұқыпты жұмсалып, малдың дұрыс азықтандырылуын, сөйтіп, оның тыңғылықты күтімге алынуын ұйымдастыра алмай отыр. Олар мал қыстатуға жеткіліксіз басшылық жасауда. Облыста мал қыстатудың нашар ұйымдастырылып, мал күтімінің төмендеуінің, мал шығынына жол берілуінің негізгі себебі, міне, осы.

Мал қыстату, әсіресе, Мамлют, Кокшетау, Ленин, Булаев аудандарында нашар өткізілуде. Бұлардың қай қайсысында болсын жемішпен жеткіліксіз дайындалған. Солай бола тұрсада, ол аудандардың колхоздары мен совхоздарында мал азығы ұқыпсыз жұмсалып келеді. Малға шөп ешбір нормасыз беріледі. Сол сыяқты, аталған аудандарда жай жемішпені малға әзірлеп, тұрап, ұнтап, жұмсартып беру ісі де ұйымдастырылмаған.

Жоспардан тыс көмір

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағандыдағы ең ірі «Ленинуголь» тресінің кеншілері тұтынушыларға жоспардан тыс өндірілген көмірден тағы бір эшелон отын жөнелтті. Трест кәсіпорындары шахтерлерінің социалистік жарысында № 55 шахтаның коллектіні алда келеді. Бұл шахтада көмір өндірудің барлық қыйын процестері меха-

нормаларға тасып алуды ұйымдастырмай отыр. Күн сайын 25—30 көлікпен қоралар жаңына шөп тасып үйге ұйғарылған еді.

нормаларға тасып алуды ұйымдастырмай отыр. Күн сайын 25—30 көлікпен қоралар жаңына шөп тасып үйге ұйғарылған еді.

нормаларға тасып алуды ұйымдастырмай отыр. Күн сайын 25—30 көлікпен қоралар жаңына шөп тасып үйге ұйғарылған еді.

нормаларға тасып алуды ұйымдастырмай отыр. Күн сайын 25—30 көлікпен қоралар жаңына шөп тасып үйге ұйғарылған еді.

нормаларға тасып алуды ұйымдастырмай отыр. Күн сайын 25—30 көлікпен қоралар жаңына шөп тасып үйге ұйғарылған еді.

нормаларға тасып алуды ұйымдастырмай отыр. Күн сайын 25—30 көлікпен қоралар жаңына шөп тасып үйге ұйғарылған еді.

Тәжірибелі үгітші

Кокшетау ауданындағы «Ленинский путь» колхозы партия ұйымының үгітшілер тобының құрамында 19 үгітші бар. Бұлардың көпшілігі бірнеше жылдан бері үгітші болып жұмыс істеп келе жатқан тәжірибесі мол адамдар.

Үгітшілер тобының сайлау кезінде істейтін жұмыс жоспары жасалынып, ол партия ұйымының жыйналысында бекітілді. Партия ұйымының секретары Трофимов жолдас соңғы кезді өзінде үгітшілердің екі рет кеңесін өткізді. Ол үгітшілерге сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты ұйымдастыру жөнінде нұсқау берді. Үгітшілер кеңесінде тәжірибелі үгітшілердің іс әдістері айтылып, үгіт-бұқаралық жұмысқа нежәті қарап жүргендер сыңа алынды.

Үгітшілер тобының құрамындағы таңдаулы үгітшілердің бірі — Петр Морозников жолдас. Ол қамтуындағы онұйлікте күн сайын газет, журналдардан елімізде және шетелдерде болып жатқан жаңалықтарды оқиды. Колхозшыларға партиямыздың XIX съезінің материалдарын, Сталин жолдасының съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзін оқып, түсіндіреді. Осы съезд материалдары туралы әңгіме өткізгенде оны колхоздың шаруашылық жұмыстарына байланыстырады. Қарт үгітші Морозников жолдасының тәжірибесі басқа үгітшілерге үлгі.

Үгіт пункті колхоз үгітшілерінің сайлаушылар арасында нәтижелі жұмыс істеуіне бірқатар көмек көрсетуде. Үгіт пункті сайлау жөніндегі материалдармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген. Мұның өзі үгітшілердің сайлаушылармен әңгімені мазмұнды өткізу үшін ойдағыдай дайындалуларына мүмкіндік туғызуда.

Ж. ЕСЛӘМОВ.

түгелден қотыр. Солай бола тұрса да олар малдарға тыңғылықты күтім жасалмайды, күндіз ашық жерде тұрады. Ферма мен-

Жергілікті Советтердің сайлауы қарсаңы

Тәжірибелі үгітші

Кокшетау ауданындағы «Ленинский путь» колхозы партия ұйымының үгітшілер тобының құрамында 19 үгітші бар. Бұлардың көпшілігі бірнеше жылдан бері үгітші болып жұмыс істеп келе жатқан тәжірибесі мол адамдар.

Үгітшілер тобының сайлау кезінде істейтін жұмыс жоспары жасалынып, ол партия ұйымының жыйналысында бекітілді. Партия ұйымының секретары Трофимов жолдас соңғы кезді өзінде үгітшілердің екі рет кеңесін өткізді. Ол үгітшілерге сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты ұйымдастыру жөнінде нұсқау берді. Үгітшілер кеңесінде тәжірибелі үгітшілердің іс әдістері айтылып, үгіт-бұқаралық жұмысқа нежәті қарап жүргендер сыңа алынды.

Үгітшілер тобының құрамындағы таңдаулы үгітшілердің бірі — Петр Морозников жолдас. Ол қамтуындағы онұйлікте күн сайын газет, журналдардан елімізде және шетелдерде болып жатқан жаңалықтарды оқиды. Колхозшыларға партиямыздың XIX съезінің материалдарын, Сталин жолдасының съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзін оқып, түсіндіреді. Осы съезд материалдары туралы әңгіме өткізгенде оны колхоздың шаруашылық жұмыстарына байланыстырады. Қарт үгітші Морозников жолдасының тәжірибесі басқа үгітшілерге үлгі.

Үгіт пункті колхоз үгітшілерінің сайлаушылар арасында нәтижелі жұмыс істеуіне бірқатар көмек көрсетуде. Үгіт пункті сайлау жөніндегі материалдармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген. Мұның өзі үгітшілердің сайлаушылармен әңгімені мазмұнды өткізу үшін ойдағыдай дайындалуларына мүмкіндік туғызуда.

Ж. ЕСЛӘМОВ.

Сайлауға тыңғылықты

Жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік сталиндік бесінші бесжылдықтың ұлы міндеттерін жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етіп келе жатқан қалың бұқара арасында саяси және өндірістік өрлеу туғызып отыр. Еңбекшілер жергілікті Советтердің сайлауы күнін өндірістік табыстармен қарсы алып, өздерінің моральдық-саяси бірлігінің күштілігін, Сталин жолдасының төңірегіне берік топтасқандықтарын тағы да бір рет айқын демонстрациялайды.

Біздің ауданның бірқатар бастауып партия ұйымдарының секретарьлары сайлау науқанының зор саяси маңызын жетік түсіне отырып, сайлауға әзірлікті ойдағыдай ұйымдастыра білді. Мәселен, Киров атындағы колхоз партия ұйымының (секретары Буряк жолдас) декабрь айындағы жыйналысында жергілікті Советтердің сайлауына әзірлікті ұйымдастыру және оны өткізу туралы мәселе қаралды. Мұнда сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты жүргізу үшін үгітшілер тобының құрамы бекітілді. Әрбір үгітшіге нақтылы тапсырмалар берілді. Буряк жолдас партия ұйымы жыйналысы қаулысының мұлтіксіз орындауын қадағалап бақылап отырады. Бес күн сайын үгітшілердің кеңесі өткізіліп, оларға сайлаушылар арасындағы күнделікті әңгімені қалай өткізу жөнінде бағыт беріледі. Үгітші Романенко, Максименко және Самарина жолдас өз үлестерінде ойдағыдай жұмыс істеп жүр. Олар көзірдің өзінде сайлаушылармен 7—8 рет әңгіме өткізді.

Осы сыяқты, Аманкелді атындағы, Молотов атындағы колхоздар мен Токпийт совхозы партия ұйымдары да сайлауға әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізуде.

Аталған іс-қағамдарға жергілікті ұйымдарының қызымын жеткізіп, күнін өндіріс бастай

Аудан сайлау комитеті даулы адамдар жергілікті бірлесіп орындай жасау ісін

Алайда, партия ұйымдарының жұмыстарын тыңғылықты жасауға жеткілікті қолдауға қол жеткізіп, Чкалов атындағы «Коммунизм» комитетіне сұрақ болса, секретарь жолдасарға нақтылы тапсырмалар беріледі. Үгітшілердің әңгімесі өткізіліп, оны өткізуге беруге болмайтын кемшіліктің шешімі туралы маңызын тиянақтап, советтердің өң басты

Ендігі күні оны өткізуге беруге болмайтын кемшіліктің шешімі туралы маңызын тиянақтап, советтердің өң басты

ҚКП Партия, ұйымдары

Ы детудің толғағы 1 ТЫС қалған

істейді алдыңғы қатарлы колхоздарында үкмет бөлгілеген шараларды байышты түрде жүзеге асыру қандай зор практикалық нәтижелерге жеткізетіндігін нақтылы мысалдар арқылы көрсетпейді. Газет мал өсірушілер арасындағы саяси жұмыс жөнінде мақалалар жарияламайы.

«Казакстанская правда» кемшіліктері сынағанда жасқаншақтық көрсетеді. Оз және қызметкерлердің лайықсыз қылықтарына өткір саяси баға беруден бой сақтайды. Егер қызметкер мемлекетті алдау жолына түссе, газет мұны қате деп қана бзғалайды. Егер мемлекеттік тапсырмалар орындалмай қалса, редакция мұны жұмыстағы әдеттегі кемшілік деп есептейді.

Газеттің 14 декабрьдегі мақаласы бұған мысал бола алады.

«Мәліметке қарап, — делінген мақалада, — Ленин атындағы колхозда қоғамдық мал жақсы салынған сыйыр қораларында, төл қоралары мен қой қораларында қысталуда деуге болады, ал, онда болсаң, сыйыр қорасының төбесі тесік, қабырғасы қыйраған, қой қорасының терезелері мен есігі жоқ екендігін көресің».

Газет басқа колхоздарда да жаппай артық есептеу, көзбаушылық орын теуіп отырғандығын көрсетеді. Мәліметтерге өзін-өзі сенбеген жемішпен қосылып жазылады. Мақаладан бұл жөнінде аудандық ұйымдардың білетіндігі көрінеді. Редакция жай-барақат ғана ауданда

«көл колхоздарда қыстың орта кезінде сөзсіз жемшеспіз қалуға өнеп соғатын» қателдіктерге жол беріледі деп хабарлайды.

«көл колхоздарда қыстың орта кезінде сөзсіз жемшеспіз қалуға өнеп соғатын» қателдіктерге жол беріледі деп хабарлайды.

Булаев ауданында

21 25 бұзау өсірді

Евдокия Федоровна Кондратова Чистов совхозында 1935 жылдан бері бұзау күтуші болып істейді. Ол осы өткен 17 жылдың ішінде 2125 бұзау өсірді. Тек өткен жылдың өзінде ғана ол өзінің күтіміне алған 144 бұзауды шығынсыз өсіріп, олардың тәуліктік салмағын 800 граммға дейін арттырып отырды.

Төл күтудегі қажырлы еңбегі үшін Кондратова жолдас бірнеше рет бағалы сыйлықтар алды.

Ауыл шаруашылық

машиналарын сатты

Булаев станциясындағы ауданаралық «Сельхозснаб» мекемесі Булаев, Конохов аудандарының МТС-тері мен колхоздарына 857 мың сомның ауыл шаруашылық машиналарын сатты. Олардың ішінде 2 жел двигателі, 3 шөп буландырғыш, 5 шөп сүрлегіш пен шөп турағыш, 17 трактор тырнаушы, 15 трактор сеялқасы, 10 астық тазартқыш, 28 өрт сөндіретін насос бар.

Автомашиналар алды

Ауданның көптеген колхоздары мемлекеттік жоспардан тыс ет сатып, тұтынушылар одағы арқылы автомашиналар алды. Коминтерн атындағы колхоздың жүк тасыйтын үш машинасы бар. Сол сыяқты, Сталин атындағы, Калинин атындағы, Стаханов атындағы колхоздар мен «Новый путь», «Красное знамя» колхоздары бір-бірден машина алды.

Хат-хабарлар

Булаев станциясы арқылы тәулігіне жолаушылар тасыйтын 8—10 поезд өтеді. Осы поездармен аудандық почта бөліміне күн сайын мыңдаған хат-хабарлармен бірге 4570 дана газет, 950 данаға жуық түрлі журналдар келіп тұрады. Хат-хабар-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНИҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 15 январь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиясі бүгін Корея Халық армиясының бөлімдері қытай халық еріктілерінің бөлімдерімен бірге өткен күні американа-ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлердің барлаушы отрядтарына қарсы атыстар жүргізді деп хабарлады. Майдандарда ерекше өзгеріс болған жоқ.

Кеше түнде американа «үшқыш қамалдары» Оңтүстік Хамген провинциясындағы Ковонь уезінің ешқандай соғыс орны жоқ Унгокри бейбіт елді пунктіне шабуыл жасап, оны аюандықпен бомбалауға ұшыратты. Көптеген әйелдер, қарттар және балалар қазаға ұшырады және жараланды. Көптеген тұрғын үйлер қыйратылды.

Жау самолеттерін атқыштар бүгін дүшпанның екі самолетін атып түсірді.

Корея Халық-Демократиялық Республикасының шаруалары майданға көмектесуде

ПХЕНЬЯН, 15 январь. (СОТА). Корея газеттері корей халқының көсемі Ким Ир Сенге жолдаған корей шаруаларының телеграммаларын күн сайын жариялауда. Шаруалар өздерінің телеграммаларында майданға көмектесу қорына өздерінің қосқан үлестері туралы рапорттар беруде. Майданның көмек қорына күріш бөлу қозғалысы Солтүстік Кореяның барлық про-

винцияларында өрістей түсті.

Сол сыяқты, газеттер көмек көрсеткен шаруаларға өзінің алғысын айтқан Ким Ир Сеннің жауап телеграммаларын жариялауда.

Озаттардың бастамасын қолдай отырып республика шаруалары майданның көмек қорына іріктелген таза күріштен мыңдаған қап күріш тапсыруда.

Американ авиациясы Кореяның қалалары мен селоларын аюандықпен бомбалауда

ПХЕНЬЯН, 15 январь. (СОТА). Екі күннен бері Пхеньянның Оңтүстік өзен ауданында мұнан бірнеше күн бұрын американа әуе жөндеттері тастаған кешігіп жарылатын бомбалар жарылуда. Американа самолеттері қала маңайындағы селолар мен жолдарды, базарларды күні-түні бомбалап,

оларға пулеметтерден оқ жаудыруда. Американа армиясы Солтүстік Кореяның басқанда қалалары мен селоларына күшті шабуылды үдете түсуде. Кореяның Орталық телеграф агенттігі соңғы уақытта селолық аудандардың ерекше күшті шабуылға ұшырап отырғандығын атап көрсетеді.

Американ солдаттарының қалқындығы туралы „Таймс-Геральд“ газетінің жазуы

ВАШИНГТОН, 15 январь. (СОТА). Вашингтонның «Таймс-Геральд» газеті редакциялық мақала жариялап, онда американа армиясының қатарынан көптеген солдат-

тым көбейіп кеткендігінің кінәсін Кореядағы өзінің қайғылы авантюрасын сынағандарға жаба салуы, — деп жазады газет.

«Социалистік қоғамдағы неке мен семья» деген тақырыпта 4 рет лекция оқыды.

измнің экономикалық проблемалары» атты еңбегін насихаттауда бөлімше зор

қоғамының Полудень аудандық бөлімшесінің председателі.

бүркітімен 4 түлкі, қакпанмен үш қасқыр ұстады.

лер күйген және «Драпо руж» шахтасындағы апат үйсіздік шараларының және соғысқа өнеркәсіп салаларының ұсқынсыз нәти деп жазады.

Өткен жылғы кемшіліктер қайталанбасын

1952 жыл біздің елімізде коммунистік қоғам орнатудың сталиндік программасын жүзеге асыру күресіндегі жаңа табыстардың жылы болды. Қаладағы кәсіпорындағы жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бүкіл совет халқымен бірге Отанымыздың экономикалық қуатын бұрынғыдан да еселенген қарқынмен арттыра беру үшін қақырамылықпен күрес жүргізуде болады.

1952 жылы қаланың кәсіпорындары өнім шығарудың жылдық жоспарын 101,1 процент етіп орындады. Сол сыяқты, еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі жоспарлар да ойдағыдай орындалды.

Өткен жылы қаланың өнеркәсібі мен темір жол транспортында стахановшылардың саны үнемі көбеюде болды. Кәсіпорындарының көптеген жұмысшылары жаңа бесжылдықтың екі жылы ішінде бесжылдық жоспарды орындап, кәзіргі уақытта 1956 жылдың есебіне өнім беруде. Киров атындағы заводтың стахановшы слесарі Григорьев, токарі Архипов, электр қуатымен болат балқытушы Малашкин, шағын двигательдер зауытының жөндеушісі Борисов, металл өңдеушісі Бердюгин жолдастар бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, стахановтық еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті.

Петропавл паровоз депосының бесжүзші машинистері Шандыбин және Слюнько жолдастар 1955 жылдың есебіне жүк тасуда.

Шағын двигательдер зауытының коллективі социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастырумен қатар, жаңалық тапқыштар мен өндіріс озаттарының жақсы бас-

тамаларын қолдай отырып, өндіріс программасын 104,7 процент орындап, көрнекті табысқа ие болды.

Өткен жылдың өндірістік программасын асыра орындаған кәсіпорындарының ішінде электр өнеркәсібі Министрлігі зауыды, дан комбинаты, шойын құю-таразы, былғары, сыра заводтары, «Бірінші Май», «Екінді», «Ударник» артельдері бар.

Вагон жөндеу депосы вагон жөндеудің барлық түрінен жылдық жоспарды 21 декабрьде орындаған болатын. Темір жол станциясы жүк тасу жоспарын 122,7 процент, жүк түсіру жоспарын 145,3 процент етіп орындады.

Бірақ, барлық кәсіпорындары бірдей мемлекеттік жоспарды орындау, өнім сапасын арттыру және пайда келтіру жөніндегі социалистік жарыста алған міндеттемелерін ойдағыдай орындауға мүге болмайды. Қаладағы кейбір кәсіпорындарының басшылары социалистік жарысты ұйымдастыру ісіне, алынған міндеттемелердің қағаз жүзінде қалмай нақтылы орындалуын бақылап, тексеріп отыруға жеткілікті көңіл бөлмеді. Еңбек ұйымдастырудың дәрежесі партия мен үкмет талап етіп отырған тілекке сай емес, бар мүмкіншіліктердің пайдаланылуы әлі дөнашар. Мұндай кәсіпорындарының қатарына Киров атындағы заводты қосуға болады.

Заводтың директоры Бидык, бас инженері Янчук жолдастар өнім шығару жөніндегі мемлекеттік жоспарды орындау ісін қамтамасыз етпеді. Завод 1952 жылдың өн бойына мемлекеттік жоспарды орындамады. Заводтың басшылары, ена-

дымен, Билык және Янчук жолдастар заводтың жұмысындағы кемшіліктерді және қайталамау үшін батыл шаралар қолданбады. Заводтың басшылары айлық жоспарларды әрбір жұмысшыға жеткізіп отыру түгыл, тіпті бригадалар мен участоктердің коллективтеріне де жеткізбеген.

Мұнда жұмысшылардың уақытты босқа өткізген кездері де болды. Тек қана өткен жылдың он ай ішінде өнім берілмеген жұмыс уақытының мөлшері 60 мың станок-сағат болған. Заводтың басшылары өнімнің сапасын арттыру жөнінде күрес жүргізе білмегенінің салдарынан кәсіпорының ақаудан шеккен зыяны көбейіп кетті. Жұмыс уақытының біркатары жасалған бөлшектерді қайта өңдеуге жұмсалды.

Заводтың мемлекеттік жоспарды орындамауы заводтың барлық экономикалық көрсеткіштеріне керісінше әсерін тигізіп, өткізген электр қуатының ысырабына әкеліп соқты.

Ал, заводтың партия ұйымы заводтың шаруашылық жұмысына бақылауды жеткіліксіз ұйымдастырды. Мұнда саяси-тәрбие жұмысының дәрежесі төмен.

Өндірістік программаны үнемі орындамай келе жатқан кәсіпорының бірі — аяккіім фабрикасы. Фабрика өнім шығарудың жоспарын небары 75,9 процент орындады. Фабрианың директоры Савченко жолдас орындамаған жоспарды орындады деп жалған мәлімет бергені үшін Қазақ ССР Министрлер Советінен қатты ескерту алғанына қарамастан, шығарылған өнімді арттырып жазуды әлі қоймай келеді. Мұнда да ішкі қорларды пайдалану, еңбек ұйымдастыру жұмыстары және социалистік жарысқа басшылық ету ісі бетімен жіберілген. Өнім сапасы үшін күрестің жоқтығынан жіберілген

ақаудан фабрианың шеккен зыяны 350 мың сомнан асып кетті. 150 тонна отын. 180 мың киловат-сағат электр қуаты ысырап болды. Өнімнің өзіндік құны жоспардағыдан 20 процент артық болып шықты.

Өткен жылы қаланың құрылыс орындарының жұмысы да қанағаттанғысыз болды. Құрылыс-монтаж жұмысының жылдық жоспары небары 71 процент орындалды. Құрылысшылар мемлекеттік жоспарды орындау жөніндегі алған міндеттемелерін орындамады. Құрылысшылардың арасында социалистік жарыс, саяси тәрбие жұмысы жүргізілмей отыр деп айтуға болады.

Белешекте кәсіпорындары мен темір жол транспортының партия және шаруашылық басшылары өткен жылы жұмыста болған кемшіліктерді қайталамауға тиіс. 1953 жылдың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындап, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсарту беруді қамтамасыз ету үшін социалистік жарыс, саяси тәрбие жұмыстарына басшылық мейлінше жақсартылуы қажет.

Еңбек ұйымдастыру жұмысын жолға қойып, социалистік жарысты ойдағыдай өрістеткенде, жаңалық тапқыштар мен озаттардың жаңа бастамаларын қолдап, оны көпшіліктің игілігіне айналдырғанда, ішкі қорлар мен мүмкіншіліктерді пайдалана біліп, шығарылған өнімнің сапасын үнемі бақылауды қамтамасыз еткенде ғана мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын орындауға болатынын кәсіпорындарының шаруашылық, партия және кәсіподақ ұйымдарының басшылары ешқашанда естен шығармауға тиіс.

М. ГРЕЧКОСЕЕВ,

ҚКП қалалық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі.

ИТАЛЬЯН СОЦ АРАСЫНДАҒЫ

РИМ, 14 январь. зеті былай деп хабициал- демократиялысының басшылық «реформасына» қаршелеріне партия бған шараларына кифедерацияның партжариялады.

Венецияда социатиядан кейбір баспдың қатарында уницатто және адвопредседателі Бига

«УДАРНИК» ки

Бүгін жа «АЛҒАШ

Сеанстар сағат 6 Касса сағат 3-те

Шағын дв байланыс жөні Қызмет жа Заводтың адрес

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, ред партия және ауылшаруашылық бөлімдері —2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —0-22, газет табыс